



БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қаласы

2026 жылғы 20 шілде

CGE Evaluation KASE-нің тәуелсіз ESG-верификаторларының қатарына қосылды

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) мен CGE Sustainability Assessment and Software Services JSC (CGE Evaluation) Қазақстандағы орнықты қаржыландыру нарығын одан әрі дамытуға және қазақстандық эмитенттердің тәуелсіз сыртқы бағалау қызметтеріне қол жеткізу мүмкіндігін кеңейтуге бағытталған өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

Меморандум шеңберінде CGE Evaluation KASE ресми тізіміне енгізілген немесе енгізу жоспарланып отырған жасыл және әлеуметтік облигациялар, сондай-ақ орнықты даму облигациялары шығарылымдары үшін тәуелсіз сыртқы қорытындыны (Second Party Opinion, SPO), саясаттар мен бағдарламаларды жеңілдетілген тарифтер бойынша арнайы шарттармен дайындау қызметтерін көрсететін болады.

Ынтымақтастық эмитенттерге Капитал нарықтарының халықаралық қауымдастығының (ICMA) қағидаттары мен ұсынымдарына сәйкес ESG-құралдар шығарылымдары бойынша саясаттар мен бағдарламалардың жобаларын, сондай-ақ тәуелсіз бағалауды алуға мүмкіндік береді. Бұл шығарылымдардың сапасы мен айқындылығын арттыруға, инвесторлардың сенімін нығайтуға және орнықты даму саласындағы жобаларды іске асыру үшін қаржыландыру тарту мүмкіндіктерін кеңейтуге ықпал етеді.

Сондай-ақ Меморандум тараптардың ESG-рейтингтерді әзірлеу және беру, сондай-ақ CGE Evaluation компаниясының мамандандырылған цифрлық платформаларын пайдалана отырып, климаттың ауысуы тәуекелдерін бағалау саласында одан әрі өзара іс-қимыл жасау мүмкіндігін көздейді.

KASE эмитенттер үшін сыртқы бағалаудың қолжетімділігін арттыра отырып, тәуелсіз верификаторлар шеңберін кеңейтуді жалғастыруда. CGE Evaluation ESG-жобаларға тәуелсіз бағалау жүргізетін және [ESG Data Platform](#) платформасында ұсынылған ұйымдардың тізімін толықтырады.

Анықтама үшін:

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) – Орта Азия өңіріндегі жетекші қор биржасы. KASE бағалы қағаздармен жасалған сауда-саттық көлемі жөнінен ТМД биржалары арасында екінші орында және акция нарығын капиталдандыру көлемі жөнінен FEAS биржалары арасында бесінші орында (2024 жылдың қорытындысы бойынша).

Ол – корпоративтік және мемлекеттік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы ұйымдарының облигациялары, шетел валютасы, ақша нарығындағы репо және своп операциялары, сондай-ақ туынды құралдар үшін әмбебап сауда-саттық алаңы. KASE – Халықаралық биржалар федерациясының (WFE), Еуро-Азия қор биржалары федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі, сондай-ақ БҰҰ-ның "Қор биржалары орнықты даму үшін" бастамасына қатысушы.

CGE Sustainability Assessment and Software Services JSC – өз қызметін Түркия мен Әзербайжанда ұсынатын, аналитика және орнықты даму бойынша технологиялық шешімдер

саласындағы жетекші компаниялардың бірі. Компания Еуразия өңіріндегі орнықты даму саласындағы бағалау қызметтерінің жетекші жеткізушісі болуды мақсат етеді.

Стамбұл қаласындағы Teknopark Istanbul базасында жұмыс істейтін компания ESG-технологияларға маманданған және оны жаһандық нарықта ерекше ететін бірегей платформалық инфрақұрылым мен жасанды интеллект негізіндегі өнімдер желісіне ие.

Компанияның орнықты даму рейтингтерін беру, климаттық тәуекелдерді басқару, жеткізу тізбектерінің орнықтылығын қамтамасыз ету және климаттың ауысуының жеткізу тізбектеріне тигізуі мүмкін қауіп-қатерін басқару саласында 30 жылдық тәжірибесі бар. Бұдан бөлек, компанияның сараптамасы декарбонизация саласындағы шешімдерді, жасыл облигациялар, әлеуметтік облигациялар, орнықты даму облигациялары, климаттық ауысу облигациялары және суук шығарылымдарын сүйемелдеуді қамтиды.

Толығырақ: <https://www.cgееvaluation.com/>

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz.